

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 248-VI ҚРЗ.

2018 жылғы 27 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы келісім

(2019 жылғы 8 мамырда күшіне енген - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2019 ж., № 3, 39-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Тараптар)

қалыптасқан өзара достық қарым-қатынастар мен әскери саладағы ынтымақтастықты күшейтуге ниет білдіре отырып,

1999 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы әскери саладағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелерін ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан тарапы Тәжікстан тарапына осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Қосымшада көрсетілген әскери мүлікті беру түрінде өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсетеді.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру бойынша уәкілетті органдар:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Тәжікстан тарапынан - Тәжікстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып табылады.

Уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

3-бап

Қазақстан тарапы әскери мүлікті Қазақстан Республикасының аумағынан ("Отар" станциясы, Жамбыл облысы) Тәжікстан Республикасының аумағына ("Рохати" станциясы, Душанбе қаласы) дейін теміржол көлігімен жеткізуді қамтамасыз етеді, онда Тараптардың уәкілетті органдары тағайындаған өкілдер оларды тиісті түрде қабылдауды және беруді жүргізеді.

Әскери мүлікті тасымалдау мәселелері Тараптар мемлекеттері қатысушы болып табылатын әскери тасымалдау саласындағы халықаралық шарттарға сәйкес реттеледі.

Әскери мүлікті Душанбе қаласының "Рохати" станциясына дейін жеткізуге байланысты шығыстарды Қазақстан тарапы көтереді.

Қазақстан Республикасында берілетін мүлікті кедендік тазарту және декларациялау Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Тәжікстан тарапы Тәжікстан Республикасында кедендік рәсімдерді ресімдегені үшін шығыстарды өзіне алады және оған жауапты болады.

4-бап

Тәжікстан тарапы Қазақстан тарапынан алған әскери мүлікті немесе оны пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермейді.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар тиісті хаттамалармен ресімделеді.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға және түсіндіруге байланысты даулы мәселелер өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

7-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы Қазақстан тарапының жазбаша хабарламасын Тәжікстан тарапы дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім оның 4-бабын қоспағанда, Тәжікстан тарапына осы Келісімге сәйкес берілетін әскери мүлік толық берілген кезден бастап өз қолданысын тоқтатады, оны Тараптар дипломатиялық арналар арқылы растайды.

2018 жылғы 27 желтоқсанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтін бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Тәжікстан
Республикасының Үкіметі
арасындағы Өтеусіз әскери-техникалық
көмек көрсету туралы келісімге
қосымша

Берілетін әскери мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
ЗАҚ мүлкі			
Оқ-дәрілер			
1	5,45 мм кәдімгі оғы бар патрон (БО)	дана	1 500 000
2	12,7 мм патрон	дана	30 000
3	ЗУ-23-2-ге 23 мм оқтар	дана	20 000
4	ВОГ-17 жарықшақты гранатасы бар 30 мм оқтар	дана	90 000
5	ВОГ-25 жарықшақты гранатасы бар 40 мм оқтар	дана	30 000
6	ПГ-7 40 мм оқтар	дана	2 000
7	Т-72 танкісіне 125 мм танк оқтары	дана	1 500
8	82 мм жарықшақты-фугасты мина	дана	30 000
9	120 мм жарықшақты-фугасты мина	дана	25 000
10	2С3-ге 152 мм оқтар	дана	10 000
Артиллериялық аспаптар, оқу-жаттығу керек-жарақтары			
11	ПАБ-2М буссолі	жиынтық	58
12	ПРК-69 түзеуді есептеу аспабы	бірлік	69
13	Б7х35 дүрбісі	бірлік	140
14	АК компасы	бірлік	69
15	ПУС-7 7,62 мм	бірлік	10
Авиациялық зақымдау құралдары			
16	ГШ авиациялық зеңбірегіне 30 мм патрондар	дана	30 000
17	С-5 басқарылмайтын зымырандары	дана	5 000

РХБҚ мүлкі			
18	Химиялық барлаудың әскери аспабы	дана	500
19	ДП-5В дозиметрлік аспабы	дана	500
Инженерлік мүлік			
20	ДСТ-451 типті саперлік қашықтық өлшегіш (ДСП-30)	дана	10
21	Инженерлік барлау перискобы (ИБП)	дана	10
22	Шағын жаяу әскер күрегі (ШЖК)	дана	200
23	Үлкен саперлік күрек (ҮСК)	дана	200
Тыл мүлкі			
24	Қара түсті броньды кеудеше (2-3-санатты)	дана	300
25	Қорғаныш дулыға (металл)	дана	300
26	Рюкзак	дана	300
27	Кариматы бар ұйықтауға арналған қап	дана	300
28	Қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке	жұп	300
29	Плащ-шатыр	дана	300
30	20 орынды шатыр (2-санатты)	жиынтық	2
31	40 орынды шатыр (2-санатты)	жиынтық	1
32	Алюминий құты (2-санатты)	даңа	300
33	Алюминий қолбақыр (2-санатты)	дана	300
34	Мақта кеудеше	дана	1 000
35	Кең балақты мақта шалбар	дана	1 000
36	Шалбар белбеуі (3-санатты)	дана	500
Тау жабдығы			
37	Альпинизмге арналған жіп	метр	1 000
38	Жіп (қосалқы репшнур)	метр	7 000
39	Қар көшкіні бауы	метр	3 000
40	Муфтасы бар карабин (5 тонна)	дана	5 000
41	Муфтасы бар карабин (2,5 тонна)	дана	2 000
42	Ілмек (жартастық, көлденен)	дана	4 000
43	Ілмек (жартастық, швеллерлік)	дана	5 000
44	Ілмек (жартастық, тік)	дана	10 000
45	Мұз жарғыш	дана	300
46	Бензинді примус	дана	600
47	Сақтандыру жүйесі	жиынтық	150
48	Қар ілмектері	жұп	100
Медициналық мүлік			
49	Б-2 жиынтығы (шиналар)	жиынтық	565
50	№ 2 үлкен таңу жинағы	жинақ	22
51	СБПА-15 көлеңкесіз шамы	дана	112
52	Бірегейлендірілген санитариялық керек-жарақ	дана	700
53	Медициналық зембілдер	дана	5 870
54	Зембіл астына қойылатын аласа тұғыр	жұп	166

55	Зембіл астына қойылатын биік тұғыр	жұп	179
56	Құралдар үстелі	дана	148
57	С-6 медициналық орындығы	дана	155
58	40 л оттегі баллоны	дана	423
59	Азоттың шала тотығына арналған баллон	дана	512
60	Басынан жараланғандарға арналған дулыға (ЖД)	дана	975
61	Ересектерге арналған балдақ	дана	1 000
62	Медициналық зембіл иықбауы	дана	700
63	Медициналық жамылғы (МЖ)	дана	400
64	Бірегейлендірілген таған	дана	816
65	Флакон ұстағыш	дана	336
66	Жаңғыртылған Дитерихс шиналары	дана	158
67	ТБА буындардың тайып кетуін болдырмауға арналған шарнирлі шиналар	дана	490
68	Саусақ сынығын емдеуге арналған шиналар	дана	40
69	Сымды сатылы шина	дана	455
70	Фанерлі шина	дана	95
71	№ 1 медициналық жиынтық жәшігі	дана	500
72	№ 2 медициналық жиынтық жәшігі	дана	40
73	№ 3 медициналық жиынтық жәшігі	дана	90
74	№ 4 медициналық жиынтық жәшігі	дана	400
75	Б-4 жиынтығы	жиынтық	500
76	Далалық таңу үстелі (БДТҮ)	дана	300
77	Резеңке қан тоқтатқыш жгут	дана	400
Байланыс құралдары			
78	Р-105 радиостанциясы	жиынтық	30
79	Р-107 радиостанциясы	жиынтық	30

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Келісімнің тәжік тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК